
ЖАС ҒАЛЫМ МІНБЕСІ

ТРИБУНА МОЛОДОГО УЧЕНОГО

TRIBUNE OF YOUNG SCIENTIST

ӘОЖ 347.77.023 (574)

Г.Б. Асетова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: gulnur_asetova@mail.ru)

Қазақстан Республикасындағы дара кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық мәртебесінің мазмұны

Мақала Қазақстан Республикасындағы дара кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық мәртебесінің мазмұнының кейбір ерекшеліктеріне арналған. Бұл тақырып Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік кодексінің енгізілуі және кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау жағдайында ерекше өзекті болып табылады. Дара кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық мәртебесінің мазмұны, егер заңдардан немесе құқықтық қатынастар мәнінен өзгеше нәрсе туындамайтын болса, жеке тұлғалар мен коммерциялық ұйымдардың азаматтық құқық субъектілігімен, субъективті құқықтары, заңды міндеттері, мүлдік жауапкершілік шаралары мен қорғалу мазмұнымен алдын ала анықталған. Дара кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық мәртебесі – белгілі тұлға санаттарының азаматтық-құқықтық (кәсіпкерлік) қатынастар саласындағы құқықтық жағдайы. Автормен дара кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық мәртебесінің негізгі элементтері анықталып, осы элементтердің ерекшеліктері зерттелген. Сонымен қатар аталмыш саланы құқықтық реттеудің кейбір мәселелерін анықтап, оларды шешу жолдарын ұсынды. Зерттеушінің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасында азаматтық және кәсіпкерлік заңнаманы жетілдіруге үлес қосуы мүмкін.

Кілт сөздер: кәсіпкерлік, кәсіпкерлік қызмет, кәсіпкер, дара кәсіпкерлік, дара кәсіпкер, коммерциялық ұйым, азаматтық-құқықтық мәртебе, құқық қабілеттілік, әрекет қабілеттілік, кәсіпкердің құқықтарын қорғау.

Кейінгі уақыттарда елімізде орын алып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қазақстандық азаматтардың, оралмандардың, көпшілік әлеуметтік топтарына қатысты дара кәсіпкерлік қызметтің белсенділігін арттырды. Экономикалық қызмет бостандығына конституциялық құқықтарын жүзеге асыра отырып, өз қалаулары бойынша кәсіпкерлік қызмет үшін өз қабілеттіліктері мен мүліктерін пайдалана отырып, аталған жеке тұлға санаттары өндіріс және тауар айналымы, жұмыс орындау мен қызмет көрсету саласында маңызды әлеуметтік-экономикалық қызмет атқарады, көпшілік және жеке мүдделерді қанағаттандыра отырып, халықтың жұмыссыздық мәселесін шешуді қоса алғанда, халық шаруашылығының әр түрлі салаларында шағын және орта бизнес шегінде даралық негізде өзіндік еңбекті пайдалануды қамтамасыз ете отырып, жағымды әлеуметтік-экономикалық әсерге қол жеткізуге әрекеттеседі.

Қазақстан Республикасында дара кәсіпкерлік конституциялық тұрғыдан болсын, салалық тұрғыдан болсын толық заңды негізге ие болды. Отандық ғылым дара кәсіпкерлердің құқық субъектілігінің, субъективті құқықтары мен міндеттері, азаматтық-құқықтық жауапкершілігі және қорғалу ерекшеліктерін зерттеу бойынша бірқатар қадамдар жасады. Алайда шағын және орта бизнес өкілдерінің құқықтық жағдайына байланысты жауабын таппаған мәселелер баршылық.

Кәсіпкерлік қызметтің ерекшелігімен туындаған, талқыланып отырған тұлғалар санатының құқықтық жағдайларының ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтық құқық ғылымы тұрғысынан дара кәсіпкерлердің құқықтық жағдайының біртұтастық тұжырымдамасын жасау, талдау, объективті

бағалау, талқылау және заңнамалық деңгейде сәйкес бекітілуі қажет. Осы орайда біздің мақсат заңды тұлға құрмай-ақ дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы тұлғалардың азаматтық-құқықтық мәртебесі мәселесін теориялық жалпылау болып табылады.

Дара кәсіпкерлердің құқық субъектілігі жеке тұлғалар мен коммерциялық ұйымдардың құқық субъектілігі арасында аралық жағдайға ие, оларға азаматтық құқықтың аталған субъектілерінің екі санатының да құқық қабілеттілік, әрекет қабілеттілік, мәмлеге отыру қабілеттілігі және жауап беру қабілеттілігінің сапалы сипаттамалары, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет ерекшеліктері әсер етеді. Осы орайда кәсіпкерлік қызмет дегеніміз не? Әрекет етуші заңнамаға сәйкес, азаматтардың, оралмандардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады [1]. Ал осы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерін, бір сөзбен, кәсіпкерлер деп атаймыз.

Ең алғаш рет «кәсіпкер» терминін XVIII ғ. француз экономисті Р.Кантьон енгізген болатын, ол кәсіпкерліктің негізгі қызметтік сипаттамасы ретінде тәуекел туралы тұжырымдаманы жазған. Оның пікірінше, кәсіпкердің негізгі қызметі сұранысқа сәйкес әр түрлі тауар нарығына ұсыныстар енгізуінде болып табылады [2; 426]. Ж.Б. Сэйдің пікірінше, кәсіпкер – бұл жаңалық табушы, техникалық озықтықтың иеленушісі және кәсіпкердің табысы жалдамалы басқарушы алатын жай ғана жалақы табу болып табылмайды, ол кәсіпкерлік қызметтің шығармашылық, тәуекелді, тәжірибелік сипаты үшін сыйақы болып табылады [3; 17]. Немістік тарихи мектептің Г.Шмоллер, М.Вебер, В.Зомбарт сияқты өкілдері де кәсіпкерлік қызметтің шығармашылық, жаңашылдық тәрізді белгілеріне ерекше мән берді. В.Зомбарттың пайымдауынша, кәсіпкер – бұл жаулап алушы, яғни тәуекелге дайын, рухани ерікті, идеялардың көптігі, еріктілік пен табандылық танытушы, ұйымдастырушы (бірлескен жұмыс үшін көптеген адамдарды біріктіре алуға қабілетті), саудагер (адамдарды өз тауарын сатып алуға көндіре алуға қабілетті, сенімге кіре алу). Кәсіпкердің негізгі көздеген мақсаты – бұл өз ісінің гүлденуі мен өсуіне қолжеткізу. Кәсіпкер неғұрлым көп пайда табуға тырысады, себебі онсыз өркендеу мүмкін емес [4; 28].

Сонымен, ең алдымен, барлық кәсіпкерлер екі топқа бөлінеді: заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар (коммерциялық ұйымдар). Осыған байланысты тақырыпқа арқау болып отырған осы жердегі дара кәсіпкерлердің құқықтық мәртебесінің мазмұны. Кәсіпкерлік қызметін енді бастап жатқан, сондай-ақ ұзақ уақыт бойында тәжірибесі қалыптасқан кәсіпкерлерді де, ең алдымен, қызықтыратын (қызықтыруға тиісті), әрі мазалайтын мәселе — олардың құқықтарының көлемі, міндеттемелерінің шектері және жауапкершілігінің деңгейі. Осылардың бәрі «кәсіпкердің мәртебесі» ұғымына шоғырланады [5; 26].

Азамат дара кәсіпкер мәртебесіне ие болу үшін азаматтық құқық субъектісінің құқық қабілеттілік, әрекет қабілеттілік сияқты белгілеріне ие болуы қажет. Кәсіпкерлік қатынастарға бола тұра және осы орайда азамат бола отырып, дара кәсіпкерлер жеке және жария құқықтың талаптарын ескеріп, оны коммерциялық ұйымдардың құқық қабілеттілігінің жалпы және арнайы элементтерімен толықтырып, өздерінде азаматтың құқық қабілеттілігін сақтайды. Жеке тұлғаның әдеттегі азаматтық құқық қабілеттілігі дара кәсіпкердің құқық қабілеттілігінің пайда болуының тікелей алғышарты болып табылады.

Заң әдебиттерінде атап өткендей, «дара кәсіпкердің құқық қабілеттілігі азаматтың жалпы құқық қабілеттілігінің дәйекті түрде кеңейіп білдіреді. Ол, ең алдымен, мемлекеттік тіркеуден өтпеген, жеке тұлғаға тыйым салынған, кәсіпкерлік қызметті нақты жүзеге асыруға қосымша қабілеттіліктен және дара кәсіпкерге өз міндеттемелері бойынша көтеріңкі азаматтық-құқықтық жауапкершілікке ие болу міндетін жүктеуден көрінеді» [6; 10]. Жеке тұлға тек дара кәсіпкер мәртебесін иеленгеннен кейін ғана кәсіпкерлік шарттарға отыруға, тауар жеткізілім, келісімшарт жасасу, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарттарының, жай серіктестіктің қатысушысы болуға құқықтық мүмкіндік алады. Дара кәсіпкерлердің құқық қабілеттілігі жалпылама болып қала береді, алайда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты қосымша құқықтар мен міндеттер, көтеріңкі жауапкершілікке ие болу қабілеттілігі қосылады. Осыған сәйкес, дара кәсіпкердің құқық қабілеттілігінің мазмұны кәсіпкер емес азаматтың құқық қабілеттілігіне қарағанда кеңірек болып келеді.

Дара кәсіпкердің құқық қабілеттілігі – бұл заңмен тыйым салынбаған кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрімен айналысу үшін қажетті, мемлекетпен танылған және заңда бекітілген субъективті құқықтар мен міндеттерді жеке тұлғаның иеленуі бойынша заңды мүмкіндігі.

Дара кәсіпкердің азаматтық-құқықтық мәртебесінде қарапайым азаматтың құқықтық мәртебесінің элементтері мен коммерциялық ұйымдардың құқықтық мәртебесінің элементтерінің бірегей араласуы байқалады, соның нәтижесінде азамат пен ұйымның құқықтық мәртебесінен ажыратылатын дара кәсіпкердің құқықтық жағдайының өзіндік кейіпі пайда болады. Дара кәсіпкердің құқық субъектілігі бір уақытта жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі туралы норманың және коммерциялық ұйымның құқықтық мәртебесі туралы норманың ықпал етуінде болады. Жеке тұлға бола тұрып және жеке тұлғаға тән белгілерге ие бола отырып, дара кәсіпкер кәсіпкерлік қатынастың субъектісі ретінде түседі, ол үшін егер, заңнан, өзге де құқықтық актілерден немесе құқықтық қатынастың мәнінен өзге туындамаса, коммерциялық ұйымдарға тән құқық қабілеттілікке, ерекет қабілеттілікке, жауап беру қабілеттілігіне ие болады.

ҚР АҚ-нің 19-бабының 3-тармақшасына сәйкес, азаматтардың заңды тұлға құрмай-ақ жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметіне, егер заңдардан немесе құқықтық қатынастар мәнінен өзгеше нәрсе туындамайтын болса, тиісінше, осы ҚР АҚ-тің коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың қызметін реттейтін ережелері қолданылады [7].

Осыған байланысты, аталған жағдайда кәсіпкерлік қызметпен айналысатын коммерциялық ұйымдардың құқықтық жағдайымен ұқсастықты пайдалану жолымен дара кәсіпкерлердің құқықтық жағдайын реттеуге мүмкіндік беретін заңдық техника, заңдық үнемдеу әдістерінің қолданылатындығын көруге болады. Алайда бұл жерде жеке және заңды тұлғалардың құқықтық жағдайын ажырататын заңдардың, өзге де құқықтық актілердің ережелерін, пайда болған құқықтық қатынастың мәнін, оның ішінде субъектілік құрамының, құқықтарының, міндеттерінің, қорғау шаралары мен жауапкершілігінің ерекшеліктерін ескерген жөн. Коммерциялық ұйымдардың қызметі үшін бекітілген ҚР АҚ ережелері заңнан, өзге де құқықтық актілерден немесе құқықтық қатынастың мәнінен өзге туындамағандықтан және дара кәсіпкер, ең алдымен, жеке тұлға және содан кейін ғана кәсіпкерлік қызметтің субъектісі болғандықтан қолданылады.

Дара кәсіпкерлердің құқықтық мәртебесіндегі жеке тұлға мен коммерциялық ұйымның құқық қабілеттілігінің бірге тіршілік етуі дара кәсіпкерлердің құқық қабілеттілігінің көлемі, мазмұны және шектері туралы ғылыми ортада әр түрлі пікірлер туындатты. Заң әдебиеттерінде «заңды тұлғаны жеке тұлғамен салыстыратын болсақ, ұжымдық бірлестіктердің құқық қабілеттілігінің көлемі жеке тұлғалардың құқық қабілеттілігінің көлеміне қарағанда әлдеқайда азырақ. Сонымен қатар осы салыстырмалы жоспарда барлық заңды тұлғалар арнайы құқық қабілеттілікке ие болу керек, себебі олар белгілі бір мақсатқа қолжеткізу үшін құрылған» деген пікірлер кездеседі.

Аталған көзқарас заңды тұлғаның жалпы, арнайы және айрықша құқық қабілеттілігі туралы жалпымен танылған тұжырымдамаға және заңнамаға қайшы келеді. Жеке тұлға бола тұрып, дара кәсіпкер жеке тұлға ретінде өзінің азаматтық-құқықтық мәртебесін толығымен сақтайды, алайда бір уақытта заңды тұлға ретінде коммерциялық ұйымдардың құқық субъектілігіне қатысты кейбір қосымша қасиеттерге немесе ерекшеліктерге ие болады. Осындай сапалы белгілердің өзіндік араласуы дара кәсіпкерлердің азаматтық құқық қабілеттілігі көлемінің азаматтың құқық қабілеттілігінің көлемімен салыстырғанда азаятындығын білдірмейді. Сонымен қатар ұжымдық бірлестіктердің құқық қабілеттілігінің көлемі жеке тұлғаның құқық қабілеттілігінен едәуір аз деп те айтуға болмайды. Азаматтық құқықтың екі субъектісі де кәсіпкерлік және кәсіпкерлік емес қызметтің әр түрлі салаларында өздерін жан жақты көрсетуге мүмкіндік беретін бай азаматтық құқық қабілеттілікке ие. Әдеттегі кәсіпкер емес азаматтар кейбір ұжымдық, шарттық (кәсіпкерлік) қатынастардың қатысушысы бола алмайды, алайда коммерциялық ұйымдармен салыстырғанда өз мүліктерін өсиетпен мұраға қалдыра алады, көркем шығармалардың авторлары бола алады және тағы да басқа. Азаматтық және кәсіпкерлік кодекстің тұрғысынан заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы құқық қабілеттілігі жалпы (әмбебап) сипатқа ие, себебі коммерциялық ұйымдардың құқық қабілеттілігіне теңестіріледі.

Дара кәсіпкерлер болып Қазақстан Республикасы азаматтары, оралмандар танылады. Өзге жеке тұлғаларға дара кәсіпкерлікті жүзеге асыруға тыйым салынады.

Заңдарда өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, дара кәсіпкерлер арнайы (мақсатты) құқық қабілеттілікке ие бола алмайды. Себебі ҚР АҚ және Кәсіпкерлік кодексінде дара кәсіпкерлердің мақсатты құқық қабілеттілігіне қатысты арнайы норма жоқ. Арнайы құқық

кабілеттікке тек кейбір коммерциялық ұйымдар (мемлекеттік кәсіпорындар) ие болады, оларға мемлекет заңмен көзделген белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік міндеттерді, мақсаттарды жүктейді және соған қолжеткізу үшін ұйымдар тек рұқсат берілген экономикалық қызмет түрімен ғана айналысуға құқылы. Мемлекет осы тәріздес міндеттер мен мақсаттарды дара кәсіпкерлерге жүктей алмайды, осының нәтижесінде олар арнайы құқық қабілеттілікке ие болмайды. Азаматтық-құқықтық реттеудің жалпы рұқсат беру қағидасы дара кәсіпкерлердің арнайы құқық қабілеттілігі бар деген қорытынды жасауға негіз бермейді.

Көптеген қазіргі цивилистер мен кәсіпкерлік құқықты жақтаушылар дара кәсіпкерлердің әмбебап құқық қабілеттілігін жоққа шығармайды, дара кәсіпкерлер әрекет етуші азаматтық және кәсіпкерлік заңнама нормаларын доктриналды, тарихи, жүйелі және логикалық талдаулардың негізінде заңмен тыйым салынбаған кез келген қызмет түрімен айналысуға құқылы.

Дара кәсіпкердің құқық қабілеттілігі адамның дүниеге келуімен пайда болады және дара кәсіпкер ретінде тіркеуден өткен сәттен бастап шынайы сипатқа ие болады.

Құқық қабілеттілік болашақ кәсіпкердің мүмкін болатын субъективті құқықтары мен заңды міндеттерін белгілейді, алайда оларға сәйкес ол әрекет қабілеттілік болған кезде ғана жеке дара әрекет етеді [5; 56].

Дара кәсіпкерлердің азаматтық әрекет қабілеттілігі, коммерциялық ұйымдармен ұқсастығы бойынша жеке тұлғаларды дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген сәттен бастап пайда болады. Әрекет қабілеттілік дара кәсіпкерлерге өз әрекеттер арқылы кәсіпкерлік құқықтарға ие болуға және кәсіпкерлік міндеттерді атқаруға көмектеседі.

Дара кәсіпкерлік қызметті тек әрекетке қабілетті азаматтар ғана жүзеге асыра алуы мүмкін. Әрекет етуші заңнама олардың қатарына тек 18 жасқа толған азаматтарды ғана жатқызбайды, сондай-ақ жасы 16-ға жеткен еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін немесе оның заңды өкілдерінің келісімімен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын (кәмелетке толмаған адамды толығымен әрекетке қабілетті деп жариялау оның заңды өкілдерінің келісімімен қорғаншы және қамқоршы органның шешімі бойынша не ондай келісім болмаған жағдайда соттың шешімі бойынша жүргізіледі), сонымен қатар он сегіз жасқа жеткенге дейін некеге отырған азаматтарды да жатқызады.

ҚР АҚ 22-1-бабында көзделген нормалар дұрыс негізделмеген деген пайымдауға келуге болады. Шынымен де тұйыққа тірелген жағдай сияқты болып көрінеді, заң, бір жағынан, кәсіпкерлік қызметпен тек толық әрекетке қабілетті тұлғалар ғана айналыса алады деп жариялайды, алайда осы жерде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын он алты жастағы азаматтарды толық әрекет қабілетті азаматтар деп тану туралы мүмкіндікті көздейді. Осы орайда 16 жасқа толған азаматқа дара кәсіпкерлік қызметпен айналысуға рұқсат беретін заңнамаға тікелей норма енгізу қажеттілігі туындайды (әрі қарай бұл азамат заңмен көзделген тәртіпте толық әрекет қабілетті деп танылуы мүмкін). Мұндай қорытындыға азаматтық, отбасылық, еңбек, әкімшілік және қылмыстық заңнамаларды жүйелі талдаудың нәтижесі әкелді. Мысалы, ҚР 1995 жылғы 5 қазандағы № 2486 «Өндірістік кооператив туралы» Заңының 8-б. 2-т. сәйкес, өндірістік кооперативке жасы он алтыға толған, кооператив мүшесі болуға тілек білдірген және оның қызметіне жеке еңбегімен қатысуға қабілетті кезкелген жеке тұлға мүше бола алады [8]. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексінің 10-б. 2-т. сәйкес, дәлелді себептер болған жағдайда неке киюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органдар неке (ерлі-зайыптылық) жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетеді [9]. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, он алты жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі, ал кодексте көзделген тәртіптерге сәйкес аталған жасқа толмағандармен де еңбек шартын жасасуға жол беріледі (ҚР ЕК 31-б.) [10]. Біздің мемлекетімізде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚР Кодексінің 28 б. сәйкес, әкімшілік жауаптылыққа әкімшілік құқық бұзушылық аяқталған немесе оның жолын кескен кезде он алты жасқа толған, ақыл-есі дұрыс жеке тұлға жатады [11]. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 15-б. 2-т. көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жататындығын көздейді [12]. Осыған орай жоғарыда аталған жасқа толған азамат өзінің мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін және нормативті-құқықтық шектеулерді ескере отырып, дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру қажеттілігі туындаған жағдайда, жеткілікті түрде жоғары деңгейде психологиялық, физикалық және зияткерлік дамуға жетеді. Сонымен қатар аталған жасқа толған азаматта бір уақытта екі заңды мәні бар қабілеттілік пайда болады, яғни кәсіпкерлік қызмет

саласында азаматтық құқықтар мен міндеттерге ие болу қабілеттілігі және кәсіпкерлік қызмет саласында өз әрекеттері арқылы азаматтық құқықтарға ие болу және оларды жүзеге асыру, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындау қабілеттілігі туындайды. Өз кезегінде олар жинақталып дара кәсіпкердің құқық субъектілігін қалыптастырады және оның кәсіпкерлік құқық субъектісі ретінде әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Кәсіпкер кең ауқымды қатынастар субъектісі ретінде түседі, оған тұтынушылық, қаржылық нарық және еңбек нарығы қатынастары, сондай-ақ жария-құқық сипатындағы қатынастар да қосылады. Сондықтан кәсіпкерлік құқықсубъектілігі, яғни кәсіпкердің құқықтық мәртебесі өзіне элемент ретінде азаматтық, еңбектік, қаржылық, кәсіби құқық субъектілікті, сонымен қатар жария-құқықтық (әкімшілік) құқық субъектілікті біріктіреді [13; 30].

Дара кәсіпкердің азаматтық-құқықтық мәртебесі құқықтар мен міндеттердің көлемінің көрсеткіші болып табылады, ол өз кезегінде дара кәсіпкерлерге бекітіледі және олар солардың шегінде қандай да бір заңмен тыйым салынбаған іс-әрекеттерді жасай алады.

Дара кәсіпкерлердің мәртебелік құқықтары мен міндеттері конституциялық және кәсіпкерлік қатынастардың ерекшеліктерін есепке ала отырып, салалық нормаларға негізделеді. Дара кәсіпкерлердің азаматтық құқықтары мен міндеттерінің барлық жиынтықтарын шартты түрде заттық құқықтар мен міндеттер, мүліктік емес құқықтар мен міндеттер, мұрагерлік құқықтар мен міндеттер, зияткерлік құқықтар мен міндеттер деп жіктеуге болады.

Азаматтық (кәсіпкерлік) құқықтық қатынастардың түріне қатысты әрбір нақты заңдық жағдайда қандай да болмасын дара кәсіпкер нақты субъективті азаматтық-кәсіпкерлік (экономикалық) құқықтар мен міндеттердің тізбесін иеленеді.

Дара кәсіпкерлердің азаматтық-кәсіпкерлік құқықтар жүйесінде маңызды рөлді келесілер атқарады: кәсіпкерлік қызмет үшін өзінің қабілеттіліктері мен мүлкін еркін пайдалануға құқығы; өзінің заңды кәсіпкерлік өкілеттіліктерін кедергісіз жүзеге асыруға құқығы; жеке меншік құқығы; кәсіпкерлік шарт еркіндігі құқығы; адал бәсекелестікке құқығы; өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа, төрелікке, Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге және өзге де органдарға жүгінуге, яғни соттық қорғау мен өзін-өзі қорғауға құқығы. Жоғарыда аталып өткен құқықтар тек қана құқықтық нормалар емес, ал дара кәсіпкердің құқықтық жағдайының негізгі қырларын анықтаушы құқықтық қағидалар (норма – қағида) болып табылады.

Еркіндік және жеке даралық, жеке және көпшілік мүдделерді қанағаттандыру үшін экономикалық нәтижеге қолжеткізу, кәсібилік, жоғары мүліктік жауапкершілік сияқты кәсіпкерлік қызметтің негізгі сипаттамалары дара кәсіпкердің азаматтық-кәсіпкерлік құқықтарының тізбесіне, мазмұнына және жүзеге асырылуына әсер ететіндігін айта кеткен жөн.

Дара кәсіпкерлердің мәртебелік құқықтарына конституциялық, азаматтық және кәсіпкерлік құқықтың нормаларымен белгілі бір шектеулер қойылған. Ол шектеулер ҚР Конституциясының 39-б. 1-т. және ҚР АҚ 2-б. 3-т. ережелерге сүйенеді. Дара кәсіпкерлердің құқықтарын шектеу осы шектеулердің мақсаты конституциямен қажетті және ақылға сыйымды деп танылуы қажет. Мемлекеттің конституциялық мақұлданған мақсаттарына сәйкес, конституциялық тұрғыда қорғалатын құндылықтар мен мүдделердің теңдігін сақтай отырып, қандай да бір құқықтарды шектеуге жол берілу жағдайында шектен аспай, тек осы мақсаттарға негізделген шаралар ғана қолданылуы керек. ҚР Конституциясының 39-б. 1-т. көзделген көпшілік мүдделер (адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін) [14], құқықтар мен бостандықтарды құқықтық шектеулерді, егер осы шектеулер әділдік талаптарына сай келсе, конституциялық маңызды құндылықтарды, оның ішінде өзге тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажетті болып табылатын болса, ақтай алады. Нақты кәсіпкерлік жағдайда кәсіпкерлердің құқықтарын шектен тыс шектеу мүмкіндігін болдырмас үшін, норма кеңінен талқылауға жатпайтын және белгіленген шектеулерді өз қалауынша қолдануға жол бермейтін анық, нақты, айқын болуы тиіс. ҚР АҚ 2-б. 3-т. ҚР Конституциясының құқықтарды шектеу туралы ережесі нақтыланады, яғни «қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау, табиғат пен мәдени қазыналарды сақтау үшін қажет болса, заң құжаттарына сәйкес тауарлар мен қызметтің орын ауыстыруына шектеулер енгізіледі» [7], деп айқындалады.

Кәсіпкер — меншік иесінің құқықтары мен шектеулі құқықтарының үлгілік тобы ҚР АҚ 188-б. 4-т. көрініс тапқан. Дара кәсіпкерлердің азаматтық құқықтарындағы шектеулер мен қосымша

азаматтық міндеттер заңмен тек меншікті иелену, пайдалану және билік ету саласында ғана емес, ал кәсіпкерлік қызметтің белгілі бір түрлерімен айналысуға да қарастырылған. Мысалы, дара кәсіпкерлер банктік, сақтандыру қызметтерімен, сонымен қатар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушы ретіндегі қызметпен айналыса алмайды. Тек заңды тұлғалар ғана кедендік тасымалдаушы қызметін атқарады, кедендік қойманың иесі бола алады, сонымен қатар кедендік өкіл ретінде түсе алады.

Дара кәсіпкерлер кәсіпкер емес азаматтармен салыстырғанда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында біршама ауқымды міндеттерді иеленеді. Бұл міндеттердің ауқымды көлемі кәсіпкерлік қызметтің күрделілігімен және көп түрлілігімен, кәсіпкерлік қызметтің сан алуан саласындағы әрекет етуші нормативті-құқықтық актілердің санының көптілігінен туындайды және өндіріс пен еңбек қауіпсіздігі, өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызмет сапасының, стандарттау мен сертификаттау, техникалық реттеу, санитарлы-гигиеналық нормалар, экологиялық талаптар, өрт қауіпсіздігі, қала құрылысы нормалары, бухгалтерлік есеп жүргізу мен есеп беру ережелері және тағы басқа мәселелерін қозғайды. Ал осы негіздерден туындаған міндеттемелерді орындамау дара кәсіпкерлердің жауапкершілігін туындатады.

Дара кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі және оларды қорғау шаралары, кәсіпкерлік қызметтің ерекшелігімен туындаған және осы қызметтің жеке даралық сипатының ерекшелігін есепке ала отырып, жауапкершілік және қорғау туралы азаматтық құқық нормаларының жалпы ережелерінің негізінде қалыптасады.

Жүргізілген зерттеулер мен талдаулар келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Дара кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық мәртебесі – бұл олардың азаматтық құқық субъектілігін, субъективті азаматтық құқықтары мен міндеттерін, азаматтық-құқықтық қағидаларын, кепілдіктерін, азаматтық-құқықтық жауапкершілік шараларын сипаттайтын, дара кәсіпкерлік қызметінен туындаған ерекшеліктерді ескере отырып, дара кәсіпкерлердің салалық (азаматтық-құқықтық), арнайы және нақты-дара жағдайын анықтайтын, белгілі тұлға санаттарының азаматтық-құқықтық (кәсіпкерлік) қатынастар саласындағы құқықтық жағдайы.

Сонымен қатар, жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде ҚР Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне он алты жасқа толған және заңмен белгіленген тәртіпте толық әрекет қабілетті деп танылған, тұлғаларға дара кәсіпкерлік қызметпен айналысуға рұқсат беретін норма енгізу ұсынылады. Осыған байланысты кәсіпкерлік қызмет субъектілері, оның ішінде дара кәсіпкерлер үшін құқықтық мәртебе мәселесі олардың әрекет етуінде және олардың қызметінде маңызды орынға ие екендігін ескерген жөн.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексі. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375.
- 2 Блауг М. Экономическая мысль в ретроспективе / М.Блауг. — М.: «Дело» ЛТД, 1994. — 720 с.
- 3 Сэй Ж.Б. Трактат политической экономии / Ж.Б.Сэй. — М.: БЕК, 1896. — 68 с.
- 4 Юрьев В.М. Основы предпринимательства: учеб. пос. / В.М.Юрьев, Д.А.Мещеряков, В.Д.Мамонтов; под общ. ред. В.М.Юрьева. — Тамбов: Изд-во ТГУ, 2004. — 677 с.
- 5 Киздарбекова А.С. Кәсіпкерлік құқық: оқулық / А.С.Киздарбекова, Г.Б.Асетова. — Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. — 272 б.
- 6 Якунина В.В. Гражданская правосубъектность индивидуального предпринимателя: проблемы возникновения и прекращения: автореф. дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.03 «Гражданское право; предпринимательское право; семейное право; международное частное право» / В.В.Якунина. — Краснодар, 2009. — 26 с.
- 7 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім) 1994 жыл 27 желтоқсан № 268-ХІІІ. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000.
- 8 Өндірістік кооператив туралы 1995 жылғы 5 қазандағы № 2486 ҚР Заңы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002486.
- 9 Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV кодексі. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>.
- 10 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414.
- 11 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚР Кодексі. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235.
- 12 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.

13 Предпринимательское право: учебник / Отв. ред. Е.П. Губин и П.Г. Лахно. — М.: Юристъ, 2003. — 1001 с.

14 Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000.

Г.Б. Асетова

Содержание гражданско-правового статуса индивидуальных предпринимателей в Республике Казахстан

Тема статьи является актуальной в свете принятия Предпринимательского кодекса Республики Казахстан, а также поддержки и защиты предпринимательства. Если иное не вытекает из законов или сущности правовых отношений, содержание гражданско-правового статуса индивидуальных предпринимателей определяется гражданской правосубъектностью, субъективными правами, юридическими обязанностями, мерами имущественной ответственности и содержанием защиты физических лиц и коммерческих организаций. Содержание гражданско-правового статуса индивидуальных предпринимателей — это положение определенной категории лиц в гражданско-правовой (предпринимательской) сфере. Автором исследованы основные элементы гражданско-правового статуса индивидуальных предпринимателей и их особенности. Выявлены некоторые проблемы правового регулирования данной сферы и предложены пути их решения. Выводы автора могут быть использованы для совершенствования гражданского и предпринимательского законодательства.

Ключевые слова: предпринимательство, предпринимательская деятельность, предприниматель, индивидуальное предпринимательство, индивидуальный предприниматель, коммерческая организация, гражданско-правовой статус, правоспособность, дееспособность, защита прав предпринимателей.

G.B. Assetova

Content of civil legal status (position) of individual entrepreneurs in the Republic of Kazakhstan

The article is devoted to the features of content of civil legal status (position) of individual entrepreneurs in the Republic of Kazakhstan. The article theme is actual in the light of acceptance of Enterprise Code of the Republic of Kazakhstan, and also support and protection of enterprise. If another does not follow from laws or essence of legal relations, content of civil legal status (position) of individual entrepreneurs is determined by civil legal personality, equitable rights, legal duties, measures of property responsibility and content of protection of physical persons and commercial organizations. Contents of civil legal status (position) of individual entrepreneurs are position of certain category of persons in a civil legal (enterprise) sphere. The basic elements of civil legal status of individual entrepreneurs and their feature are investigated by author. Some problems of the legal regulation of this sphere and their ways of decision are offered by author. The conclusions of author can fact used for perfection of civil and enterprise legislation.

Keywords: enterprise, entrepreneurial activity, entrepreneur, individual enterprise, individual entrepreneur, commercial organization, civil legal status, legal capacity, capability, protection of the rights of entrepreneurs.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn 2015 zhylyhy 29 kazandahy № 375-V Kasipkerlik kodeksi [Commercial code of the Republic of Kazakhstan from October, 29, 2015 № 375 - V]. (2015, 29 October). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> [in Kazakh].
- 2 Blauh, M. (1994). *Ekonomicheskaiia mysl v retrospective [Economic idea about retrospective]*. Moscow: «Delo» LTD [in Russian].
- 3 Sei, Zh.B. (1896). *Traktat politicheskoi ekonomii [Treatise of political economy]*. Moscow: BEK [in Russian].
- 4 Yuriev, V.M., Meshcheriakov, D.A. & Mamontov, V.D. (Eds.). (2004). *Osnovy predprinimatelstva [Bases of enterprise]*. Tambov: THU [in Russian].
- 5 Kizdarbekova, A.S. & Assetova, G.B. (2011). *Kasipkerlik kutyk [Entrepreneurial law]*. Almaty: ZhShS RPBK «Dair» [in Kazakh].

- 6 Yakunina, V.V. (2009). Hrazhdanskaia pravosubektnost individualnoho predprinimatelia: problemy vozniknoveniia i prekrashcheniia [Civil legal personality of individual entrepreneur: problems of origin and termination]. *Extended abstract of candidates thesis*. Krasnodar [in Russian].
- 7 Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk kodeksi. (Zhalpy bolim) 1994 zhyl 27 zheltoksan № 268-XIII [Civil code of the Republic of Kazakhstan (The general part) of December, 27, 1994, No. 268-XIII]. (1994, December, 27). *adilet.zan.kz*. Retrieved from adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000 [in Kazakh].
- 8 Ondiristik kooperativ turaly 1995 zhylyhy 5 kazandahy № 2486 KR Zany [About production cooperative the Law of the RK of October, 5, 1995, No. 2486]. (1995, October, 5). *adilet.zan.kz*. Retrieved from adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002486 [in Kazakh].
- 9 Neke (erli-zaiyptylyk) zhane otbasy turaly KR 2011 zhylyhy 26 zheltoksandahy № 518-IV Kodeksi [About marriage (matrimony) and a family of December 26, 2011 the No. 518-IV Code of the RK]. (2011, December, 26). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> [in Kazakh].
- 10 Kazakstan Respublikasynyn 2015 zhylyhy 23 karashadahy № 414-V Enbek kodeksi [The labor code of the Republic of Kazakhstan of November 23, 2015 No. 414-V]. (2015, November, 23). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> [in Kazakh].
- 11 Akimshilik kuckyk buzushylyk turaly 2014 zhylyhy 5 shildedehi №235-V KR Kodeksi [About administrative offenses of July 5, 2014 the No. 235-V Code of the RK]. (2014, July, 5). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> [in Kazakh].
- 12 Kazakstan Respublikasynyn 2014 zhylyhy 3 shildedehi № 226-V Kymystyk kodeksi [Criminal Code of Kazakhstan of July, 3, 2014, No. 226-V]. (2014, 3 July). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> [in Kazakh].
- 13 Hubin, E.P. & Lakhno P.H. (Eds.). (2003). *Predprinimatelskoe pravo [Entrepreneurial law]*. Moscow: Yurist [in Russian].
- 14 Kazakstan Respublikasynyn Konstitutsiiasy 30.08.1995 zh. [The constitution of the Republic of Kazakhstan from 8/30/1995]. (1995, 30 August). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> [in Kazakh].